



БҰЙРЫҚ

2021 жылдың 04 мамыр

Степногорск қаласы

ПРИКАЗ

№ 100

город Степногорск

**2020-2021 оқу жылы
Соңғы қоңырау,
Мектеп бітіру кешін
өткізу туралы**

«Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» ММ жұмыс жоспарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 05 мамырдағы № 203 бұйрығына сәйкес, жалпы орта білім беру ұйымдарында білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім алуын іске асыру мақсатында, олардың құқықтарын қамтамасыз ету, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы» 2015 жылғы 10 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңына, негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылының аяқталуына арналған мектеп оқушылары үшін салтанатты жиындар - «Соңғы қоңырау» 2021 жылдың 25 мамырында өткізілсін.
2. «Соңғы қоңырау» іс-шарасы штаттық, дәстүрлі кезеңде оқыған мектепалды, 1-5 сыныптар үшін оқу кабинеттерінде сынып сағаты форматы бойынша, қашықтықтан оқыған 6,7,8,10 сыныптар үшін онлайн форматта, 9,11 сыныптар үшін барлық санитарлық жағдайлардың жасалуымен таза ауада – мектеп алаңында өткізілсін.
3. Мектептегі 9,11- сыныптарының түлектерінің мектеп бітіру кештері 2021 жылдың 12-14 маусымы күндері болып белгіленсін.
4. Мектеп директорлары:
 - мектеп бітіру кештерінің талдамасын (сценарийін) сапалы дайындалуын қамтамасыз етсін;
 - «Соңғы қоңырау» іс-шарасының талдамасы (сценарийі) 2021 жылдың 21 мамырына дейін әзірленіп, бекітілсін;
 - «Мектеп бітіру кеші» іс-шарасының талдамасы (сценарийі) 2021 жылдың 07 маусымына дейін әзірленіп, бекітілсін;
 - «Соңғы қоңырау», «Мектеп бітіру кештерін» өткізу кезінде қауіпсіздік шаралары күшейтілсін;
 - салтанатты іс-шаралар өткізу орындарында мектеп әкімшілігінің бұйрығымен кезектілік жұмыстары ұйымдастырылсын.
5. *Қатаң тиым салынсын:*
 - мектеп бітіру кештерін көңіл көтеретін орындарда өткізуге;
 - қымбат киім-кешек киуге;

000277

- мектеп бітіру кештерін қоңіл көтеретін орындарда өткізуге;
 - қымбат киім-кешек киуге;
 - машиналар кортеджін ұйымдастыруға;
 - мектеп бітіру кештері өткізілетін орындарды безендіруге;
 - мерекелік дастархандарды жасауға;
 - сыйлықтарға қаражат жинауға;
 - бейнес операторларды, фотоға түсірушілерді жалдауға;
 - табиғаттың аясына барып серуендеуге, демалатын орындарға баруға.
6. Оқу жылының аяқтау іс-шараларын жүргізу жөнінде ақпаратты білім бөлімінің электрондық мекенжайына 25 мамыр сағ. 17:00- ге дейін, 13-15 маусымда сағ. 09:00-ға дейін жіберу қажет.
7. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.

Білім бөлімінің басшысы



С.Шабаров

Орындалған: А.Сығалина, 6-35-14

900222